

**Жастарды патриоттық тәрбиелеу-еліміздің мемлекеттік жастар саясатының бір бөлігі**

Негмеджанова Салтанат Дулатовна  
"Комсомол ОМ" КММ  
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

Патриотизм – Отанға, туған жерге, өзінің мәдени ортасына деген сүйіспеншілік. «Патриотизм – дегеніміз (гр. patriotes - отандас, patrio - отан, туған жер) Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан қалыптаса бастайды», - деп атап көрсетеді [1].

Тәрбиенің негізгі мақсаттарының бірі - патриотты адам қалыптастыру процесі болып табылады. Патриоттық сезімі бар адам-өзін Отанның ажырамас бөлігі ретінде сезінеді. Бұл күрделі сезім мектепке дейінгі балалық шақта, қоршаған әлемге құндылық қатынасының негіздері қаланған кезде пайда болады және балаларда біртіндеп, жақын адамдарына, балабақшаға, туған жеріне, туған еліне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу барысында қалыптасады. Өзінің мақтанышы мен қадір-қасиеті бар кез келген адам үшін өз елінің патриоты болу әрқашан үлкен құрмет. Бірақ патриот болып тумайды, патриот болып қалыптасады. Ел қатарлы болып, сенімді дамып келе жатқан мемлекетімізде патриоттық тәрбие тек шығармашылық процесс ретінде бағаланбауы керек. Бұл сондай-ақ жастар үшін, елдің болашағы үшін күрес. Патриоттық сезімдерін ояту арқылы түрлі қылмыстың, нашақорлықтың, маскүнемдік пен экстремистік көңіл-күйдің өсуі сияқты жағымсыз құбылыстарды алдын алуға болады.

Жастарды патриоттық тәрбиелеу мәселесі бүгінгі таңда өзекті мәселе бірі. Жеке тұлғаны қалыптастыру кезінде тәрбие мен педагогика процестеріне ерекше назар аудару керек. Педагогика білімі адам тәрбиесіне күшті әсер етеді, сондықтан педагогика арқылы патриоттық тәрбиені практикада белсенді қолдануы керек. Патриоттық тәрбие азаматтық және патриот қасиеттер арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

Жастарды патриоттық тәрбиелеудің міндеті өскелең ұрпаққа Қазақстанда қолданылып жүрген діни бірлестіктердің мәнін, мазмұны мен мақсаттарын көрсету болып табылады. Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеудің жаңа жүйесін құру қажет. Қазақ халқының және Қазақстан аумағында тұратын басқа да этностардың тарихи санасы үлгісінде

Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында.

Н.А. Назарбаев

ұлттық идеологияны насихаттау, қазақстандықтарды ұлттық мәдениеттерді, тілдерді, әдет-ғұрып пен дәстүрді дамыту, ынталандыру арқылы ұлттық патриотизмді тәрбиелеу. Мұндай идеология азаматтардың саяси тәуелсіздігін, этносаяси және этномәдени қауымдастығын нығайтуға ықпал ететін болады. Мемлекеттік идеологияның қазақстандық қоғам өмірінің барлық салаларында рухани күш ретінде дамуы маңызды.

Отанға деген жан-жақты махаббат сезімін тәрбиелеудің дұрыс жолының бірі махаббаттың қандай сезімдер негізінде қалыптасатынын, танымдық негізсіз пайда бола алмайтындығын елестету керек. Патриотизм рухында тәрбиеленген адам ғана дені сау қоғам мен мықты мемлекет құра алады. Бұл құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам құруға өз үлесін қосуға дайын бірегей тұлға болуы керек. "Патриотизм" термині (гректің Pathis - Отан) азаматқа тән моральдық және саяси принципті білдіреді. Патриотизмді тәрбиелеу жеке тұлғаның адамгершілік дамуына ғана емес, азаматтықты қалыптастыруға да ықпал ететін халқымыздың батырлық тарихына негізделуі тиіс.

Көптеген танымал ғалымдар, көрнекті педагогтар, талантты жазушылар, философтар мен публицистер өз еңбектерінде патриоттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлгені белгілі. Патриоттық тәрбие мәселелері отандық ғалымдардың зерттеулері болып табылады. Патриотизм тақырыбы Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов және басқа да көптеген қазақстандық қайраткерлердің еңбектерінде көптеп кездеседі. Тарихи белгілі тұлғалардың қайсы бірін алсақ та, ұлттық рухты көтеруге арналған шығармалары кемде кем.

Осы мәселемен шұғылданып жүрген ғалымдардың бірі Ә. Қалмырзаев былай дейді: «Патриотизм, отаншылдық сезім априорлық құбылыс емес, ананың құрсағынан даритын биологиялық құбылыс емес, бұл психологиялық саяси-әлеуметтік құбылыс [2].

Қазақстандық патриотизм туралы айтар болсақ, ол тек қазақтардың ғана өз Отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние» [3].

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев отансүйгіштікке баулып, патриоттық сезімін ояту мақсатында: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп, еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа!» деген болатын. Сондықтан көпғасырлық тарихы бар қуатты, егеменді мемлекетіміздің елім деп жүрегі соғар азаматтары көбейе берсін дегім келеді!

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. - 5-т. - Алматы: Қазақ энцикл., 1998. - 168-б.
2. Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады // Егемен Қазақстан. - 10 қаңтар. - 1998. - 25-б.
3. Раев Д. Қазақстандық патриотизм мен гуманизм // Ақиқат. - 2000. - №89. - 8-б.